

ӨОК 323

Жексембаева В. А.,
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясы
«Мемлекеттің саяси стратегиясы»
кафедрасының профессоры міндетін атқарушы,
саясат ғылымдарының докторы;
Досмағамбетова Г. И.,
«Мемлекеттің саяси стратегиясы»
кафедрасының профессоры міндетін атқарушы,
саясат ғылымдарының кандидаты

ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ТӨЗІМДІЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІНІҢ КЕЛЕШЕГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада автор Қазақстан Республикасында қалыптасқан этносаралық келісім моделін қарастырып, осы моделдің негізгі ерекшеліктері мен болашақ даму формаларын зерттеген. Қазақ қоғамының толерантты және төзімді болуының тарихи алғышарттарын сараптады.

Тірек сөздер: этносаралық келісім, Қазақстан Республикасы, толеранттылық, «Мәңгілік Ел».

Аннотация

В данной статье автор рассматривает модель межэтнического согласия Республики Казахстан, особенности данной модели и перспективы развития. Проанализированы исторические предпосылки толерантности казахского общества.

Ключевые слова: межэтническое согласие, Республика Казахстан, толерантность, «Мәңгілік Ел».

Abstract

In this article the author considers the model of interethnic consent of the Republic of Kazakhstan, the singularities of the model and prospects. Analyzed the historical background of the tolerance of the Kazakh society.

Key words: inter-ethnic harmony, the Republic of Kazakhstan, tolerance, Mangilik El.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруда Қазақстандағы этностар өкілдігінің моделін жетілдіру сәтті жүзеге асырылуда, ол барлық халықаралық қоғамдастықтарға адал қызмет етуге толығымен үлгі болатындай нәтиже көрсетіп отыр. Елімізде барлық этностардың, діндер мен діни сенім өкілдерінің бейбіт өмір сүруіне барлық жағдай жасалған.

Көп ұлт өкілдерінің дүниетанымын тәжірибелік дағдыларын күштемей қалыптастыруда, оларды күштемей практикалық дағдыларға үйрету өзара әрекет ету төзімділік пен этносаралық келісімге әкеледі.

Этносаралық өзара қарым-қатынас сапасы мен тұрақтылығы тарихи тәжірибеде көрсетілген, сонымен қатар, екі жақтың араласуы, қарым-қатынасы этносаралық келісіммен, төзімділіксіз мүмкін еместігін байқатады.

Төзімділік – (латын тілінен *tolerantia* деп аударылады) өзге адамдардың пікіріне, сеніміне, мінез-құлқына шыдауды білдіреді. Төзімділік – жеке тұлғаның адамгершілігіне мінез-құлқына рухани адамгершілік құндылықтармен, агрессиялық емес халықтардың мүддесі мен қызығушылығын ескеру болып табылады.

Сонымен, 20 ғасырдың ортасында шыдамдылық, яғни өзінді бөгеу, басқа жол беру деп баяндалып, түсіндіріліп келді. Бүгінде «Төзімділік» сөзінің мәнісін түсіну өзіне басқа мағынаны білдіреді. «Төзімділік» әлеуметтік тәлім-тәрбиені өз ықыласымен адамдардың өз еркімен саналы түрде мойындайды.

Төзімділік – қазіргі қоғамда өмір сүретін, этникалық, мәдениетті, бірін-бірі алаламау, өз құқығын түсінуге үйретеді.

Сондай-ақ дүниетанымының кеңдігі, өзгенің пікірін тыңдауға, ақылы мол парасаттылығы білдіреді.

Төзімділіктің ең бастысы өзін-өзі құрметтеу және басқалардың тепе-теңдігін мойындау, сонымен қатар, зорлық-зомбылық пен бұрмалаудан бас тарту және оң, теріс шешімдерді ажырата білу қажет. Келеңсіз жағдайлар тұрақты орынды қанағаттандырмай, яғни өзгертуге бағытталмайтынын көрсетеді. Ақиқат негізінде төзімділік-этностық сан алуандық ойдағыдай қарым-қатынасты ұстануға және дамытуға бағытталған.

Этностық мәдени императивтің көпшілігі жағдайы әлеуметтік болмыстың тұрақтануы жағдайын есепке ала отырып, анықтау, этносаралық өзара қарым-қатынастар оң шешімдегі көзқарастың өсетінін байқалтады.

Қазіргі этникалық процестердің ерекшелігі және этносаяси процестердің ішкі саяси жағдайға ықпалы, этностың әртүрлі компоненттерінің өзгеруі (рухани және материалдық мәдениеттің жеке элементтері, тіл, әлеуметтік құрылымдар, сана және т. б.), тарихи даму барысында этникалық процестер атауына ие болған. Этникалық қоғамның өзгеруі немесе этникалық процестер адамзаттың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымен бірге жүріп бір-бірімен тығыз байланысты болады. Бұл өзгерістерді тудыратын процестер этникалық қауымдастықтың жақтарына әсер етуі әртүрлі. Алғашқы қауымдық құрылыстан қазіргі кезеңге дейінгі қоғамдық тарихи формацияның ауысып отыруына байланысты олардың ішінде ең әуелі әлеуметтік-экономикалық процестерді бөліп алуымыз қажет.

Мәнді өзгерістерге алып келетін этностардың өзара әрекетін этникалық процесс деп атайды. Оның эволюциялық және трансформациялық бағыттары болады. Эволюциялық бағыты этностың негізгі элементтерінің, ең алдымен тіл мен мәдениеттің сапалы өзгерісін білдіреді. Трансформациялық этникалық процесс ұлттық тиістілікті алмастыруға алып келетін өзгерістерді қамтиды, оның негізгі кезеңі этникалық өзіндік сананың алмасуы болып табылады.

Трансформациялық біріктіруші үдерістер консолидация, ассимиляция және интеграция түрінде жүзеге асады. Консолидация тіл мен мәдениеті жағынан бір-біріне жақын бірнеше дербес халықтардың біртұтас ірі этносқа бірігуі. Мысалы, XV ғасырда түрік тілдес тайпалардың қазақ этносына бірігуі. Ассимиляция көбіне саны аз халықтың өзге ірі этностың құрамына сіңіп кетуі, нәтижесіне өзінің этникалық қасиеттерін жоюы. Мысалы, монғол тілдес тайпалардың Алтын Орда заманы тұсында қыпшақтармен ассимиляциялануы. Интеграция тілі мен мәдениеті әртүрлі бірнеше халықтардың ортақ белгілері пайда болуына байланысты бірігуі, бірақ олардың тұрақтылығы мен беріктілігі шамалы, ұзақ өмір сүрмейді. Мысалы, Австро-Венгрия, Осман империясы, КСРО, Югославия және т. б. [2, 26–25 б.]

Қазіргі мемлекеттер көп этносты болуына байланысты мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлуді талап ететін этносаралық қатынастар әр алуандығымен ерекшеленеді. Көп ұлтты мемлекеттің маңызды міндеті ұлтаралық қатынастарды оптимизациялау. Халықаралық қатынастар субъектілерінің өзара әрекет етуінің ең қолайлы нұсқаларын іздестіру және жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте ғана емес, дүниежүзілік деңгейде де көп этносты және көп конфессиялы елдер қатарына жатады.

Тәуелсіз Қазақстанның реформаторлық практикалық дәуірінің кезеңі 90-жылдардың ортасынан бастап мемлекеттік саясаттың ұлтаралық ынтымақтастық пен ішкі тұрақтылыққа қарай бағдар ұстауға көшумен сипатталады.

Кезінде О. Бауэр «ұлттық теңдігі мен тең құқылылығы туралы мәселені шатастырып алуға болмайды: абсолютті теңдік болуы мүмкін емес, айырмашылықты мойындау-теңдіктің негізі болмақ, алайда ұлттардың тең құқылылығын жүргізіліп отырған ұлттық саясат қамтамасыз етуге тиіс» деп дұрыс айтқан. Бүгінгі таңда Қазақстанның алдында екі бағыт бар. Біріншісі қоғамның бір-біріне қарсы этностарға бөлінуі, әсіресе қазақ-орыс қарым-қатынастары ушыққан кезде. Нәтижесінде ұлттық бағыттағы партиялар мен қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар және т. б. арасындағы қатынастарды айқындау үдей түседі. Онда қоғамның біртіндеп шыңырауға құлдырауы әбден мүмкін. Екінші бағыт алауыздық

туғызбай қоғамдағы парасатты күштерді біріктіру; Қазақстан халықтарының бәріне ортақ мақсаттар мен міндеттерді айқындау және шешу арқылы барлық этникалық топтар мен ұлттық мүдделері мен мұқтажын қанағаттандыру үшін жағдай туғызу, әлеуметтік және ұлттық ерегіске жеткізбей, дағдарыстан шығу, ұлтшыл, шовинистік, экстремистік теріс құбылыстардың Қазақстанның саяси өміріне деген ықпалын жою. Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастарды бағалай отырып, олардың тұрақтылығын атап көрсеткен жөн. Этникалық топтардың тату-тәтті өмір сүріп, біте қайнасып жататын пиғылын қазақстандықтар жоғалтқан жоқ. Социологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша этносаралық қарым-қатынастардағы шиеленісушіліктің деңгейі төмен және толеранттығының деңгейі жоғары. Ұлттық саясатта ұзақ мерзімге арналған стратегиялық және таяу арада жүзеге асырылатын мақсаттар мен міндеттерді айқындау қажет. Сөйтіп, көп ұлтты Қазақстанда халықтар бірлігін ұлтаралық ынтымақтастық негізінде нығайту – стратегиялық міндет болып табылады.

Қысқа мерзімге бағытталған саясатқа тоқталатын болсақ, ол ұзақ мерзімді саясаттың бір бөлігі болып табылады, алайда күнделікті оқиғалар барысында туындайтын нақты ұлтаралық проблемаларды реттейді. Бұл арада бетбұрыс кезеңде, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы өзгеру нәтижесінде пайда болған ұлттық-этникалық проблемаларға назар аудару маңызды. Ұлттық топтардың әлеуметтік мүддесін реттеудің екі жолы бар, оған қақтығыс немесе келісім табу жатады. Бірінші жол бір топтың мүдделерін қорғап, басқасының мүддесін мүлдем елемей немесе басып тастау. Нәтижесінде саяси бірігуге озбырлық арқылы жетуге болады, алайда ол проблеманы туғызған объективті жағдайды жоя алмайды және осы проблеманың күрделенуіне әкеп соғады. Этникалық проблема халқының құрамы көп этносты мемлекеттерге өзекті мәселеге айналуға. Өйткені, әр этникалық топтың өзіне ғана тән демографиялық әрекеті, әлеуметтік-мәдени және экономикалық дамуының ерекшеліктері бар.

Біздің елімізде интенсивті этникалық және этносаралық процестер өтуде. Олар Қазақстанның бұдан былайғы дамуына ғана емес, тіпті оның тағдырына өз ықпалын тигізеді. Қазақстанның ұлттық саясаты, қазақтардың ұлттық егемендігін мойындай отырып, Қазақстан халқының бірыңғай азаматтық саяси қауымдастық ретіндегі егемендігі, маңызды өзгешеліктері бар этностардың болуын, тіпті олардың ортақ мақсаттары мен мүдделерінің пайда болуына, ортақ сана-сезімнің қалыптасуына, яғни этносаралық қауымдастықтың пайда болуына ықпал ететін іс-қимылы болуын талап етеді.

Этносаралық қауымдастық ол жаңа этнос емес, суперэтнос емес, ол этносаралық қауымдастық, яғни бөліктерден құралған тұтастық. Этносаралық бірігу этностарды біріктіретін айтарлықтай икемді процес болып табылады, өйткені, бір жағынан өзіне тән этникалық ерекшелік сақталады, басқа тұстан қарасақ, өзара іс-әрекет арқылы сана сезімнің ортақ белгілері, ортақ мақсаттары қалыптасады. Бүгінгі таңда Қазақстан сияқты көп этносты, көп нәсілді және көп конфессиялы мемлекет үшін осы жол – ең ұтымды да болып табылады және тату-тәтті өмір сүріп, қарым-қатынастарына төзімділік сақтаудан асқан ақылды осы күнге дейін адамдар ойлап таба қойған жоқ.

Н. Ө. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында кеңес империясы қирауының маңызды себептерінің бірі – ғылымға негізделіп жасалған тиімді ұлттық саясаттың болмауы деп тура айтқан.

Біздің елімізде, жалпы бүкіл дүние жүзінде этникалық жағдаяттың күрделенген қазіргі сәтінде жалпы ұлттық саясатпен қатар мемлекеттің ұлттық саясатының екі мызғымас бөлігі бола алатын екі бағдарлама әзірлеу қажет.

Біріншіден, бұл этникалық өзгешелікті, тілді, мәдениетті дамытуға, дәстүрлерін сақтауға және т. т. бағытталған этникалық қайта өрлеу бағдарламасы болуға тиіс, сонымен қатар мұндай бағдарлама сараланған болуға тиіс және әр этникалық топтың өз бағдарламасы болғаны жөн.

Екіншіден, мұның маңызы біріншіден кем емес, бұл этносаралық бірігу бағдарламасы, сондықтан онда Қазақстанда тұратын барлық этникалық топтардың бірге тұрып, ортақ

іс-қимылын жасауының нақты, ең тиімді механизмдері әзірленуі тиіс. Әзірше мұның өзі әлсіз тенденция ретінде білінеді және жаңа достастық қалыптасып болды деп айта алмаймыз. Алайда біздің бірнеше ғасыр бойы күрделі де қайшылықтарға толы ортақ өміріміз нәтижесінде жинақталған белгілі оң тәжірибеміз бар. Өркениеттің соңғы жетістіктерінің бірі — қазіргі толып жатқан полиэтносты мемлекеттердің ұранына айналған көп мәдениеттің идеясы, ол бір мемлекет ішіндегі көптеген этникалық топтарға тату да бейбіт өмір кешуге мүмкіндік береді. Осы принцип Қазақстан үшін де қолайлы, «әр алуандылықтағы бірлік» (немесе «бірлікте әр алуандылық») немесе «Қазақстан өрнегі» ұраны біздің мемлекетіміздің стратегиялық саясатындағы басты ұран ретінде қабылданды.

Президент Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму перспективасы тілге тиек болған, халыққа арналған Жолдауында екі нәрсеге ерекше назар аударылған: біріншісі «еліміздің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндікке негізделген өзіміздің бірыңғай азаматтығымызды дамытуға кепілдік беру», екіншіден, «этникалық қайшылықтардың себептері жойылып, барлық этникалық топтар тең құқылы болуын қамтамасыз ету».

Сонымен Қазақстанның перспективалы дамуында екі түрлі міндетті шешу көзделеді: біріншіден, әр жеке этникалық топтың дамуына мүмкіндік беру, екіншіден, Қазақстанның барлық халықтарын бірыңғай азаматтық қоғамдастыққа біріктіру үшін жағдай туғызу. Алайда, мықты тұрақтылыққа, тіпті консолидация мен бірлікке жету оңай емес, өзімізді бірыңғай отбасы ретінде сезініп, мақсаттарымызды біліп, оларға жұмыла жету үшін әлі көп жұмыс атқаруға тура келетінін назардан шығармау керек». Демек, этносаяси процестің субъектілері жөніндегі мәселені зерттегенде Қазақстан Республикасында ұлттық татулық пен бірлікті қамтамасыз етуде негізгі рөлді мемлекет атқаратынын атап көрсетуге болады.

Қазақстан Республикасында өтпелі кезеңде ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеуге арналған әдістерді әзірлеу және жағдайды бағалау ісінде мемлекеттің рөлі зор. Ұлттық саясатты іске асыруда, оның мазмұндылығындағы ең бастысы — ұлттық мүдделерге олардың:

- а) қауымдастығын,
- ә) айырмашылықтарын,
- б) қақтығыстарға ескере отырып қарау.

Ұлтаралық қатынастардың жеке субъектілерінің түпкі мүддесі мен мемлекет ауқымындағы жалпы ұлттық мүдделердің бір болуының объективтік негізі бар. Мемлекеттік ұлттық саясаттың басты міндеті ұлттар мүдделерін және ұлттар мүдделері арқылы басқару. Қазақстандағы демократиялық өзгерістердің ажыратылмайтын бөлігі адам құқығын сақтау, барлық ұлттық топтардың еркін дамуына қолайлы жағдай туғызу, ұлтаралық қарым-қатынастарды гуманизациялау, республикада татулық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Қазақстандық төзімділік құбылысының негізгі қайнар көзін қарастырып көрсек.

Біріншіден, қазақ халқы барлық этностың және қазақстандағы әлеуметтік топтарға тарихи ядролық қуаттылығымен ұлттық мемлекеттік уәдесінде алға шығып тұрады. Қазақстанда тұратын қазақтар барлық этностық, топтарға және Еуразия төңірегіндегі тұрғындармен бірігіп өмір сүруде, бір ғана ғасыр өмір сүру көзделмеген.

Екіншіден, қазақтың төзімділігі ұзақ жылдар бойына, тарихи кезеңнен бері келе жатқан бірегей мәдениеті. Қазақстан халқы үшін «дінге еркіндік», «төзімділік» деген сияқты түсініктер қоғамға тарихи дәстүрі мен мәдениеті әу бастан қалыптасқан. Қазақ халқының тарихына тән табиғи ерікті рухты қонақжайлылығы, қонақты бірдей құрметтеу, тепе-теңдікті сақтауға еркіндік береді.

Үшіншіден қазақ халқының төзімділігі тығырықтан шығу емес ақылмен, парасаттылығымен келісімге келуі, өмір сүру салты, мәдениеті, тәртібі көп ғасырлық тәжірибе негізінде қалыптасқан. Осының бәрі қазақ халқының ғасыр бойы қалыптасып келе жатқан мәдениеті мен дәстүрі негізінде «Ел-жұрт», «Жеті ата», «қонақжайлық», «асар», «сыйластық», «сабырлық» сияқты қазақ халқының өмірлік дүниетанымы жатыр. Осындай құндылықтардың негізінде елімізде бейбітшілік пен тыныштық орнауда [4].

Сондықтан еліміз үшін тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың, этносаралық келісім мен татулықты дамытудың маңызы аса зор. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Елбасының бастамасымен елімізде ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеу, үйлестіру жұмыстарымен айналысатын арнайы ұйым құрудың жолдары алдын ала қарастырылды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган ретінде 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Қазіргі таңда ҚХА – Қазақстандағы тұрақтылық пен тұтастықты берік сақтаудың маңызды тұғырларының бірі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаты – қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизмді дамыту, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық-азаматтық бірегейлікті, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру үрдісінде этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Көп этностың өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасы сенімділікті нығайтып, этносаралық қарым-қатынастың үйлесімділігін қамтамасыз ету, Ассамблеяның бір міндетінің бағыты болып табылады.

Ассамблеяның жиырма жылдық қызметінде қоғамда келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуда мемлекеттік саясатты жүргізуде, Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің арасындағы достық қарым-қатынасының дамуына көмектескен, олардың рухани-мәдени қайта дамуына қарсы келген жағдайда, келісімге келуіне қолдау көрсетудің шешімі болып табылды.

Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі қоғамға және мемлекетке, міндеттерді шешу, ішкі саяси дамуын қажет ететін сонымен қатар, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті қалыптастыруда жаңа көзқарас танытуда. Қазақстан халқы Ассамблеясының жаңа міндеттері мен тапсырмалары Ассамблеяның әр мүшелеріне аса үлкен жауапкершілікпен жүктелген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Ассамблеяның XIV сессиясында сөйлеген сөзінде Ассамблея қызметінің басты қағидаларын айқындап берді:

- 1) Қазақстандағы этностық, конфессиялық, мәдени және тіл ерекшеліктерін;
- 2) этностардың мәдениеті мен тілдерін дамытуға мемлекет тарапынан жасалып жатқан жағдайлар туралы;
- 3) сондай-ақ, қазақ ұлтының толеранттылығы мен жауапкершілігін;
- 4) қазақ этносының ынтымақтастықты нығайтудағы рөлін;
- 5) Қазақстан халқының бірлігі екендігін нақты көрсеткен болатын.

Жалпы алғанда, ұлтаралық және дінаралық қарым-қатынастарды реттеп, үйлестіру мәселесінде өзіндік жаңа үлгіге ие болған, елімізде татулық пен бірлікті, ынтымақтастықты барынша нығайта түсуде ұйтқы болған Қазақстан халқы Ассамблеясының үлесі айрықша.

Көпэтностылық – біздің ортақ ұлы қазынамыз! Міне, 20 жылдан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы осы байлықтың басты сақтаушысы миссиясын табысты атқарып келеді.

Ассамблея – біздің қазақстандық біртектіліктің негізі де осы. Екіншіден, біз Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясына ие болдық. «ЕЛ» сөзінде үлкен біріктіруші күш бар, өйткені, барлық уақыттарда да туған жер қазақстандықтар үшін ең жақын және өзіне тартушы құндылық болған және болып қала береді. Мәңгілік Ел идеясында болашаққа деген жалпыхалықтық сенім айнадағыдай көрініс тапқан. Жасампаз қазақстандық патриотизмнің осынау негізін біз өзіміздің ұлы істерімізбен қалыптастырдық. Оны нығайтып және көбейтіп қана қоймай, сонымен бірге, ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге ұластырып отыру керек. Мәңгілік Ел Патриоттық актісінің тарихи және рухани күші де осыдан танылуы тиіс.

Біз біртұтас азаматтық, Мәңгілік Ел жалпыұлттық құндылықтары қағидатында, Тәуелсіздік жылдары ішіндегі біздің жетістіктерімізді жұмылдыру, сондай-ақ, үш тұғырлы тіл мәдениетін енгізу негізінде Қазақстан қоғамын дамыту арқылы ортақ біртектілік пен ел бірлігін нығайтуды мақсат етудеміз.» [4] деп қазақстандық бірегейліктің негізін атап өтті.

Елбасының жаңа әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайындағы Ассамблея алдында қойылған стратегиялық міндеттер – шынайы, жалпыадамзаттық, сын тұрғыда емес, өз міндетін, көзқарасын кеңейту болып табылады.

Сол тапсырманың негізінде Ассамблеяның бір міндеті – Қазақстан халқының келісімі мен төзімділігін ұлы жалпы құндылықтармен түсіндіру болып табылады. «Қазақстан 2050» Стратегиясының міндеттерін іске асыруда аталған Ассамблея алдында қойылған міндеттерге жақынырақ. Қазақстан халқын қалыптастыру барысында келісім мен тұрақтылықты нығайту, мықты мемлекет, ашық азаматтық қоғам құру.

Жаңа болашақ жоспарлар қазақстандық қоғамда тағы да ұзақ мерзімді, бірлікті нығайтуды талап етеді. Бұл мүмкін бейбіт өмірді және ұлттық келісімді, идеялық келісімді, төзімділікпен қабылдауда, болашақ елімізге деген жауапкершілік. Халықтың бірлігі мен бірегейлігін нығайту мақсатында біршама нормативтік құжаттар Президент жарлығы, Үкімет қаулылары, Мемлекет хатшысының шешімдері әзірленген. Аталған нормативтік құжаттарда Елбасының бес институттың реформасын нығайту жөнінде қазақстандық бірегей мен бірлікті азаматтықты «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясындағы қойылған тапсырмаларды жаңаша Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасында айтылған міндеттері есепке алынған [5].

Тұжырымдаманы іске асыру нәтижелері:

1) мемлекеттік этносаясатты және мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылын үйлестіруші ретіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі – ҚХА) институтын нығайту, оның рөлін арттыру;

2) қоғамдық келісім мен халық бірлігін нығайту бойынша институттардың жаңа инфрақұрылымдарын қалыптастыру;

3) қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту саласындағы өңірлік саясатты жетілдіру;

4) қайырымдылық, медиация, қоғамдық бақылау саласында ҚХА жұмысының жаңа бағыттарын қалыптастыру;

5) «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен «Ұлы Дала Елі» брендіне негізделген Болашағы біртұтас ұлт құндылықтары жүйесін қалыптастыру;

6) тұрақтылықты, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту, қоғам санасына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын сіңіру;

7) қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін одан әрі жетілдіру;

8) қоғамдық келісім және бірлік мәселелері бойынша мемлекеттік этносаясаттың нормативтік құқықтық базасын дамыту;

9) мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және оның қоғамдық маңызын арттыру;

10) үштілділікті енгізу мен дамытудың қажетті білім беру, әлеуметтік және ақпараттық тетіктерін құру;

11) қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту мақсатында ақпараттық жұмыс жүйесін құру;

12) «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын ескере отырып, білім берудің барлық деңгейі үшін жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің бірыңғай жүйесін дамыту;

13) этносаралық және қоғамдық келісім мәселелері бойынша шетелдермен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды нығайту болмақ. [6]

Осы Тұжырымдаманы іске асырудың басты нәтижесі бірегейлік пен бірліктің қазақстандық моделін дамыту, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру және Болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіретін орталық ретінде ҚХА институтын одан әрі нығайту болуға тиіс.

Осындай мақсатта Қазақстанның бітімгершілігінің өсуі келісімі мен төзімділігінің құндылығы болып табылады. Бұдан әрі еліміздің тыныштығы мен дамуын сақтап қалуымыз қажет. Келісім мен төзімділік – бұл Қазақстан қоғамындағы рухани құндылықтар барлық ұлт өкілдерін тәрбиелейді. Жаңа 21 ғасырда Қазақстан халқы Ассамблеясына бұл жауапкершілік артады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы// <http://www.akorda.kz/6> қаңтар 2016.
- 2 Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы // <http://assembly.kz/> 30.12.2015.
- 3 Нурғалиев М. Е., Особенности этнической политики США: опыт для Казахстана <http://kisi.kz/ru/categories/geopolitika-i-mezhdunarodnye-otnosheniya/posts/osobennosti-etnicheskoj-politiki-ssha-opyt-dlya-kazahst>.
- 4 Государственная этнополитика Казахстана: новые тренды: метод. пособие / под общ. ред. Е. Л. Тугжанова. – Астана: Академия гос. управления при Президенте РК, 2011. – 204 с.
- 5 Тугжанов Е. Л. Политика межэтнической толерантности и общественного согласия в Республике Казахстан: политологический анализ: автореф. дис... д-ра полит. наук. – Астана, 2010. – 40 с.
- 6 Национальное единство – наш стратегический выбор. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана (Астана, 26 октября 2009 г.).

Дата поступления статьи в редакцию 16.02.2016